

Жария сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 2 ақпандағы № 16 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына сәйкес, Байғанин ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты-оптикалық байланыс желісін салу және пайдалану үшін Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Жаңажол ауылдық округінің аумағында орналасқан жалпы алаңы 76,6994 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, 3 жыл мерзімге жария сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Байғанин ауданы әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Байғанин ауданының әкімі

А. Купенов